

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 қаңтардағы N 581 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 ақпанда N 2876 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы N 208 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 25.12.2013 N 208 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: ауданның ауылдары мен кенттерінің аумақтарын көріктендіру және жинау.

2. Ауылдық округтер және кенттер әкімдері Шығыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық атқару жүйе департаментінің № 1 Ұлан аудандық қылмыстық атқару инспекциясы бөлімімен келісу бойынша қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан с а й ы н ұ с ы н с ы н .

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. И б р а е в қ а жүктелсін.

Ұлан ауданы әкімі

С. Туленбергенов

Келісілді:

Ш Қ О б о й ы н ш а Қ А Ж Д № 1
Ұ л а н а у д а н д ы қ қ ы л м ы с т ы қ
а т қ а р у и н с п е к ц и я с ы б ө л і м і н і н
б а с т ы ғ ы Ж. Канафин

18 қаңтар 2013 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК